



# АҚУҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

## «БАТЫС СІЗДІ ӘУРЕ ЕТПЕЙ-АҚ, ӨЗІ КЕЛДІ... ҚАРСЫ АЛЫҢЫЗ!»



Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,  
«Ақиқат» журналының  
Бас редакторы

Бұл мақала жазылар, не жазылмас еді. Әдеттегідей, журналистік машықпен қойын дәптерімді парақтап отырғанмын. Бәріне, со «кінәлі»... Онда «...қазақ қазақтығын істеді. миссияны түсінбеді. Екінші Шоқанның тумауы да мүмкін еді. Маскара сонда болатын еді. Екінші Шоқан Олжас кейпінде тумағанда біз ұлт ретінде мәдени майдан шебін бұзып, алға тереңдеп еніп кетуіміз талай жылдарға шегеріліп кетер еді. Шоқанды түсінбеу осындай қауіпке ұрындырды. Олжас – қазір қазақтың символы. Тіпті, ол түркі дүниесінің, әрі кетсек, Азия мен Шығыс дүниесінің символы бола алады. рабиндранат Тагор, Нагиб Махфуз, Махатма Ганди, Ясунари кавабата, Рюноске Акутагава тәріздес тұлғалардың тізімін олжас әрі қарай жалғастыра алады. Мұхтар Әуезов пен бауыржан Момышұлын туған қазақ Абай мен Шоқаннан соң, Мағжан мен Шәкәрімнен соң, Олжасты туды. Рахмет, Тәңірге. Тәңір біздің мұңымызды, көз-жасымызды көрді. 30-жылдары біз көп жылап едік.

Шоқан Олжастың бүкіл қылықтарын ақтай алады. Ендігі жүз жылда бізге үшінші Шоқан, екінші Олжас жоқ шығар.

Қазіргі жас ақындар түсінде Олжасты көреді. Олжастың қаны әрбір жас қазақ ақындарының өлеңдерінде бар, ол жазушылардың кітаптарынан да көрінеді, ғылым-білімге ұмтылған әрбір жас алаштың кеудесінде Олжас жаққан шырақ оты бар, кәміл сенуге тиіспіз: біз батысқа барамыз» деп жазылған сөздер бар болып шықты. Ол 1997 жылы 17 мамырда жарық көрген «Жас Алаш» газетіндегі Дидар Амантайдың «БІЗ БАТЫСҚА БАРАМЫЗ» атты мақаласынан алыныпты. келтірілген жолдардағы шарды ыстық ауамен үргендей әсерде қалдыратын, әсіресе қызыл кеппе сөздер тізбегін оқығанда, автордың соншалықты бас шұлғып, табынғыш қасиетін көргенде еріксіз таңқалмасқа амалың жоқ. Не деген «желдірме», неткен «шалқыма»! жарайды, оны Дидар Амантайдың еншісіне қалдырайық та, негізгі мәселемізге көшейік. Бір кездегі «Культ личность» ұғымын қалыптастырған осы секілділер ғой дей келіп, бұ шіркін Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық зиялы» атты мақаласын оқымаған-ау деген де ой келді. Халық «ештен кеш жақсы» дейді, ендеше, осы бір қасиетті ұғымды малданып, біз со Мұстафа Шоқайдың аталған мақаласындағы батысшыларға, сосын Шоқанға деген көзқарасына жүгінсек деп отырмыз.

«Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни, жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі.

...Батыс тәрбиесін (олардың ішінде орыс тәрбиесін де алғандар бар. – А.Ә.) алған зиялыларымыздың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы еді. батыс тәрбиесі көптеген туыстарымызды халқымыздың жан-дүниесіне сіңген, ұлттық тарихымыздың өн бойында жатқан «шығыс зердесінен» айырды. Олар, яғни Батыс тәрбиесін алған туыстарымыз басқа жақтан жинаған білімдерін өз халқының өмірімен (шығыс зердесімен) бірлестіре алмады.

Осы орайда өз тарихымыздың орыс тепкісінде өткен дәуірінен мынадай бір мысал есіме түсіп отыр.

Шоқан Уәлиханнның трагедиясын еске алып өткім келеді. ...Аса дарынды, мол білімді көсем боларлық деңгейге көтерілген осы қыр баласы, орыс (Батыс) ықпалында өсті.

Шоқан орыс өкіметінің құпия агенті ретінде Шығыс Түркістанға сапар шекті. Түркістан Сібіріне жорық жасап бара жатқан қанішер орыс генералы Черняевтің қол астында біраз уақыт қызмет атқарды. Мұнысы ұзаққа бармады. «Батысшылдығы» оны өте пұшайман жағдайға душар етті.

Шоқан туралы естелік жазған бір орыс жазушысы: «Осы бір бұратана өкілі көз талдырар биікке көтерілгеннен кейін, кенет өз халқының тағдыры хақында үрейленіп, іркіліп қалуы, өз халқына жат адамға айналып қалудан қорыққаны, оның өзін-өзі қорғау түйсігінің әсерінен болғанын көрсетеді», – деген еді.

Біз Шоқан туралы естелік жазған осы жазушының пікіріне қосыла отырып, оны сәл түзеткіміз келеді. Біздіңше, трагедияның қайнар көзі «жат адамға айналып қалам» деп қорқуында емес, жат адамға айналып қалуында еді.

Шоқан орыс (Батыс) халқының рухымен өз халқын бақытты ету мүмкіндігін іздеді. Шоқан өз басынан кешірген ащы сабақтардан, қайғылы оқиғалардан кейін барып, өз халқына өгей болып бара жатқандығын сезінді. Осы күнге дейін біздің Батыс тәрбиесін алған адамдарымыздың «батысшылдығы» Шоқанның дәрежесіне жете қоймаса да, оның өмір сабақтары біздің көз алдымызда тұрғаны жөн», – дейді Мұстафа Шоқай өзінің мақаласында. Біреулерге осы бір келтірілген жолдар ұзақ та көрінер, соған қарамай ескертеріміз, мұның біреулер біліп, біреулер білмейтін сыры көпшілікке қажет болар деп ойладық.

Сонымен, кейбір қандастарымыздың көзсіз, еліккен-ерме батысшылдықтары бүгіндері де қай-қайсыларымыздың жанымызды жегідей жеп, көңілімізді қаузады. Әрине, қашанда да, қай кезеңде де оларға, яки, батысшылдар мен орысшылдарға әртүрлі, жан-жақты жағдайлар жасалып, материалдық та, идея мен идеологиялық та көмектер көрсетіліп отырған. Әзір де солай. Көзсіз, сана сарабына салмай батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырғандардың қалыптасқан ұлттық дәстүрге қарсылығы да, сол өз қанатына алған Батыс жасаған жағдайлар олардың көңілінен де, жан дауасынан да табылуларының сыры болса керек. Батыстың озығы емес, тозығын малданған олар үшін бәрі таңсық. Оның нақты мысалы Астанада бастап, үлкенді-кішілі қалаларымызда өткізіліп жатқан мәдени іс-шаралар. Әсіресе, Астана қаласы әкімінің орынбасары Төлеген Мұхаметжанов мырзаның со көзсіз еліктеуі мен сана сарабына салмай, батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырғаны қызық... Әуесқой әнші секілді. Оның дәлелі, осыдан біраз уақыт бұрынғы «Миллениум-Пати» өткізумен бірге, со Астанадағы Конгресс-холлда әртүрлі деңгейдегі мәдени іс-шаралар өткізуі. Тіпті, «Алтын диск-2000» әншілер фестивалін өткізіп, оған жүргізушілікке Ресейден өнер иелерін шақыруының өзі бір жыр... Ал, олардың марапаттап, жүлде берген өнерпаздары болса, со Батыс өнерінің дүбәра көрінісіне бірден-бір куә сый иелері. Сондықтан да, біздегі ең басты қасірет – көзсіз ЕЛІКТЕУШІЛІК пен БЕЙІМДЕЛУШІЛІК, сосын ымыраға көнгіш КЕЛІСІМПАЗДЫҚ пен жалпақшешей БАСШҰЛҒУШЫЛЫҚ. Міне, осы бір түйінді, орға жығар қасиеттерден арылмай, біз өзімізді ұлт ретінде өзгелермен тең қойып, иық тірестіре алмаймыз. Бұрын да осы мазмұндас мақалаларымызда сан айтып, жазып та жүрміз, әлі де қайталап айтып жазамыз. Біз ешқандай озық өнерге, үлгі боларлық өнерпаздарға қарсы емеспіз, бар болғаны түп-тамыр топырағыңды жоққа шығаратын көзсіз батысшылдыққа қарсымыз. Қолыңнан келсе өзіңнің салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әлеуметтік-тұрмыстық, айта берді, саяси-экономикалық, сонымен бірге мәдениетің мен өркениетіңді жаңаша жасампаздандырып, жаңғырт. Мәселе осында. Әйтпесе, со батысшылдарды мәдениет пен өркениеттің ара-жігін ажырата алмайды дегенге кім сенеді. Өркениет қашанда да сана-сезімді машинизациялау мен феминизациялау, сондай-ақ, космополиттік мода дәстүрді жоққа шығаратын күйретуші ақыл-ой жемісі болғаны баршамызға белгілі емес пе?! Әсіресе, ол батыстан өніп, өрілсе, тіпті, күрделене түседі де, жергілікті жердегі дәстүрлі мәдениетті күйретуге ерекше ықпал жасайды.

Қазір біз, Құдайға шүкір, мемлекеттік тәуелсіздікке толық қол жеткіздік. Ал, оның ішінде ұлтқа ауадай қажет табиғи кеңістік пен рухани ерік еркіндігі қолымызға толығымен тиді ме?! Әрине, жоқ. Мәдениетте де солай. Оған куә күнделікті ақпараттық кеңістіктегі Батыс моделіндегі әр түрлі бағдарлама мен хабарлардың түр-сипаттары әрі мазмұн-мағыналары. Оларды насихаттап, елге жеткізуші де со өз топырағымызда өнген батысшылдарымыз. Оның нақты мысалы «31» телеарнасындағы арманжан Байтасов. Мұндай тізімді көптеп келтіруге болар еді. Біз бар болғаны «теңіздің дәмі тамшысынан» деген принципті малданып, со бір мысалмен тоқталсақ дейміз.

Көзсіз батысшылдар мен со орысшылдар ту көтерген олжас өзінің 1997 жылғы Ташкентте өткен Азия және Африка елдері ассоциациясының симпозиумында жасаған «К взаимозависимости» деген баяндамасында «Американские социологи, пожалуй, первыми заметили и описали... маргинальный человек легко становится неустойчивой личностью с космополитическим мировоззрением, у которого нет чувства подлинной связи со своим народом, со своей родной культурой и исторической традицией. И потому никакой позитивной роли в развитии этноса и его культуры маргинальная личность играть не может» дейді де, ол әлі біз тарапынан толық зерттеліп-зерделенбеген құбылыс деген ой түйеді. Сөйтеді де «все мы в той или иной степени люди маргинальной формации» дейді. Олжастың, осы жердегі мықтылығы сол, өзінің ең осал тұсын білуі. Сөйте тұра оның «все мы» дегенде кімдерді айтып отырғанын қайдам, ал, мен өз басым қазақ әдебиеті, қазақ ғылымы, қазақ тарихы, қазақ математикасын әлемге танытқан М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, О.Жәутік, сондай-ақ, А.Жұмаділдаев секілді батыс пен орысты, сонымен бірге, шығысты толық меңгерген азаматтарды ешқандай да маргиналдық топқа қоспас едім. Бұлар маргинал болмай-ақ, ұлт тілінде жазып, дәстүрлі ұлт менталитетін бұзып жармай-ақ, оны бар болмысымен әлемге паш еткен, соңғысы паш етіп жүр. Яки, әлемдік мәдениет пен өркениетке ұлттық болмыспен еніп, оны одан әрі толыққанды дәрежеге көтеруге де болады екен.

Сондықтан, көңіл көзі, сана сарабынсыз соқыр сезімді батысшыл да орысшыл, оның үстіне қазақшыл да болғысы келетін со маргиналдардың алдына салып, не өздерін сонымен қатар қойып жүргендері, алдымен Олжастың кім, сосын, өздерінің кім екендіктерін айыра алмай жүргендіктерінен. Олжас – қарама-қайшылыққа толы тұлға. Ол ертеректе «Адамға табын, Жер, енді» десе, бүгінде «Адам, табиғатқа табын сен енді» дейді де, сосын жер «Қазақстан халқынікі» деп кесім айтады. «Аз и Я» мен «Мың бір сөзді» жазып, қыпшақшыл не түрікшілдік танытады да, артынан со бағыт-бағдарда өзін ары терендете дамытқан тарихшы Мұрат Аджидің «полюнь половецкого поля» және «Тайна георгиевского креста» деген еңбегін жоққа шығарып, Аджи болжамдары таза да нақты ғылыми дәлелге қарағанда, ет пен терінің арасындағы ұшпа сезімге (эмоцияға) құрылған, жалған патриотизмге негізделген тұжырым-пікірлер дегенге саятын ой айтады. Олжас тарапынан өзіне-өзі қарсы әрі қайшы пікірлерді көптеп келтіруге болады. Міне, осыдан-ақ Олжастың әлі де болса өзінің кім екенін толық біліп болмай, Батыс пен Шығыс атты ұлы екі жағаның қай жағына шығуды білмей жүргенін аңғаруға болады. Оны оның бір шектен шығып, екінші шекке баратын жоғарыдағы келтірілген аумалы-төкпелі ой-тұжырымдарынан көреміз.

Ендеше, Олжас батысшылдығы мен шығысшылдығы, олжас ұлтжандылығы мен интернационалистігі таразы басында тұрған құбылыс. Сондықтан, көзсіз, сана сарабына салмай батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырғандар өздері мен Олжастың арасы жер мен көктей екенін ажыратып, оның барлық жетістік-кемшілігімен сөз етіп, әңгімеге арқау етерліктей тұлға екенін білгендері жөн... Ол бар болмысымен кей тұстағы ұлтымыздың қиын-қыстау кезеңдерінде өзінің азаматтығы мен со батыстан, әрісі орыстан алған білімін пайдаланып, зиялылық үлгісін көрсетті де. Ендеше, өзін батысшыл санайтын әрбір азамат алдымен со секілді биікке көтеріліп, сондай еңбек етіп бұлданса дұрыс.

Біздегі қазіргі демократия, сөз бостандығы және басқа да гуманитарлық түсініктердің ұлттық мүддеге қарағанда жалпыхалықтық мақсат-мұратқа негізделетінін несіне жасырамыз. Біле білгенге, оларға басты ықпал ететін күш – әлеуметтік-экономикалық нарыққа негізделген еркін бәсекелестік. Ал, сауда-саттыққа негізделген қайбір мүддедегі болмасын принциптер қашанда ұлттық қарым-қатынасқа негізделген Иман мен Ар-ожданды күйрететіні анық. Қазіргі біздегі Батыстық ләззаттану мен тояттану принципіндегі материалдық-тұрмыстық күнкөрушілік іс-әрекеттердің өзі соның көрінісі. Жалпы, Батыстан келген «демократия», яки, «халық билігі» термин-ұғымы ежелден бергі сана бірлігі мен тұтастығының көрінісі болған. Табиғат, материя, рух діни наным мен сенім көрінісі арқылы сана қалыптастыратын тұтас бір әлем болатын. Со бір қасиетті ұғымдардың батыстан бұзылып басталған салқыны бүгінде бізге жетіп отыр. Әйтпесе, Иман – дінге, оның ішінде біздің жағдайымызда мұсылманшылыққа негізделген ҚҰБЫЛЫС та, ал, идеология – саяси билік негізіне жүйеленген ҚҰРЫЛЫМ. Міне, мәселеге осы тұрғыдан келгенде Батыс соның соңғысын жақсы меңгеріп, игеру арқылы бізге әртүрлі жұлге-жүйелермен өз ықпалын жасауда. оларды насихаттайтын құндылықтардың басында со өзіміздің көзсіз батысшыл қандастарымыз отыр.

«Әлемдік өркениет», «әлемдік мәдениет», «әлемдік құндылық» терминдері мен ұғымдары жоғары пафосты, көңілге қонымсыз, қолға тұрғысыз әрекет-әспеттер. Оларды о баста қалыптастырған да со әлемдік деңгейдегі әртүрлі, бір-біріне ұқсамайтын ұлттық өркениет, ұлттық мәдениет, ұлттық құндылықтар болатын. Ал, сол қасиетті ұғымдарды жойып, қолға тұрғысыз, көңілге қонымсыз етіп жүргендер отансыз, яки, туған топырағы жоқ, табан тірерлері негізсіз космополиттер мен нигилистер. Олар үшін қай жерде ләззаттану мен тояттану принципі кең етек алып, материалдық-тұрмыстық, қарын тойдырар жақсылыққа қол жеткізсе со жер Отан. Бұл – іріп-шіріп, территориясы тарылған урбанизацияның шарықтау шыңына жеткен батыс принципіндегі шынайы мәдениетті күйретіп жатқан стандартталынған өркениет. ендеше, біздің көзсіз, сана сарабына салмай батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырған қандастарымыздың ойланатын мәселелері көп-ақ. Айта берді, со батысшылдар білуге тиісті, тіпті, білетін жай, соған қарамай сабақ алмайтын мәселе, ол алғашқы революцияның Англиядан басталып, одан Францияға ауыса, ақыры Ресейде ұласқаны. Со революция қай кезеңде болмасын, кімді, нені қандай ұшпаққа шығарды. Қазіргі «қайта құру мен жаңа реформаторлық» күйретуші күшке ие өзгерістер де соның куәсі емес пе. Со революцияның бәрі батыстан басталған. Оның қай-қайсының да қорытындысы тарихтан белгілі, айта берді көз алдымызда өтіп жатыр. Тіпті, содан да сабақ алмаймыз. Сөз бостандығы, демократия демекші, қазақ үшін сөз бостандығы – жүйелі сөзге тоқтап, дуалы ауыздан шыққан сөзге жүгіну болса, ал, демократия – ерік еркіндігі, жақсы мағынадағы желдей еркін ескендігі емес пе еді. Яки, «халық билігі» де содан өретін. Осыдан артық сөз бостандығы, осыдан артық демократия болған ба?! ендеше, бізге қазір Батыстың сырттан телінер демократия, сөз бостандығына қарағанда өзіміздің менталитетімізге тән демократиямыз бен сөз бостандығымызды жанартып-жаңғыртсақ, соның өзі бізді мәдениеті мен өркениеті ілгері кеткен елдермен теңестірмей ме. Сондықтан, мен көзсіз, сана сарабына салмай, батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырғандарды түсінбеймін. Олар кез келген Батысқа теліне айтылған сөзге, не іс-әрекетке кінә артсаң, оны өзіндік ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын «көзқарасқа» балап ақтайды немесе өзіңді кінәлайды. Жоқ, ол ешқандай да көзқарас емес, ол идея мен идеология. Қазақ мәдениеті – үлкен мен кіші, отбасы мен қоғам және мемлекет, әдет-ғұрып пен дәстүр, балалар тәрбиесі мен балабақша, мектеп арасындағы қарым-қатынастарда өзіндік этика мен эстетика қалыптастырған талғам-тәлімге, яғни, Иманға негізделген болмыс-бітім. Сондықтан, оларды телевидение, кинематография, әдебиет шығармаларында бұзбастай етіп насихаттау бүгінгі күннің басты талабы. Сол арқылы қазақтың ұлттық мінез-құлқы мен мәдениет-өркениетінің жай-күйін, көрініс-ахуалын білуге болады. Мемлекеттік негіздің көзі де сол қасиеттер мен құндылықтарды жастардың сана-сезіміне қалай сіңіріп, жеткізе білуімізде. Сөзсіз, оны сөз етіп қалыптастыруға қарсылар қазақ ұлтшылдығы мен шовинизмі етек алып барады деп беттен алып, төске шабары тағы анық. Ендеше, қандай жағдай, нендей мәселеде де ұлт факторына жүгінуге тиіспіз. Ал, факты болса өте көп, мысалы қазақтың өз жерінде азшылыққа ұрынуы, оның себеп-салдары, экологиялық қайғы-қасіреті, әлеуметтік-тұрмыстық хал-ахуалы, ауылдың күйреп, қаладағы қазақтардың үй-жайсыз жүруі, оның ұлттық құндылықтарына жүргізіліп жатқан алуан-алуан құйтырқы саяси-мәдени, демографиялық, ақпараттық шабуылдар, арысы – тілі, діні, ділі... Батыстан, берісі іргемізден келген бұқаралық-тобырлық мәдени-өркениеттік өнімдер ұлттық-дәстүрлі кино мен телевидениямызды, ән-күй, эстрадамызды, тіпті, арқауы бос бейталант әдебиетші, мәдениеттанушы батысшылдар арқылы ұлт мәдениеті мен өркениетін күйретуі...

Батыс терминологиясымен атағанда «тинэйджерлер», яки, поп-жазбалар және бейнетаспалардың 75 пайызы әлі ақыл тоқтатпаған 12-ден 19 жастағы ұландар мен боз өрендерге сатылып, насихатталады екен. Кинотеатрларда батыстың киноөнімдері сол жастағы жеткіншектерге көрсетіледі. Қазіргі біздің бейформалдық жастар ұйымы саналатын топтардың ойын-сауықтары, сондай-ақ, «Жастар есірткіге қарсы» атты акциялары үлкен-үлкен стадиондарда өткізіледі. Оларда кімдер өнер көрсетеді дейсіздер ғой?! Олар сол өзіміз тілге тиек етіп отырған поп-музыка группалары. «Біз қасіретке қарсы тұрамыз» деген үндеумен екінші қасіретті насихаттау, міне, осылай басталады. Олардағы сатылатын қан тасытып, дене қоздыратын сағыз-дәрілер өзінше бір әңгімені талап ететін жайлар. Ал, оларды насихаттайтын ең негізгі құрал сол телевидение. Ондағы ТВ-шоу, ТВ акциялар мен ТВ саяси ойын-сауық хабарлардың аттары со өзіміз сөз етіп отырған күйретуші демократия мен сөз бостандығына

негізделіп, ал, атқарған іс-шаралары ұлттық сана-сезімді күйрету болып табылады. Бұны ұлттық нағыз мәдениеттен ада, жалпы тобырлық мәдениет пен өркениеттің көрінісі дегенде не деуге болады. Қазіргі киноэкрандарымыз бен теледидарларымызды, сондай-ақ, әдеби шығармаларымызды жаулап алып жатқан тобырлық-бұқаралық мәдени-өркениет өнімдері өтінде тұрған нағыз шынайы ұлттық мәдениетіміз бірте-бірте өзінің алған биіктерін соларға беріп жатыр. Бұл қан төкпей жүріп жатқан мылтықсыз майдан. Осындайда есіме А.Гобардың 1979 жылы парижде жарық көрген «Культурная война. Логика разрушения» атты кітабындағы «это особая форма войны, столь же смертельная, это война, которая атакует не тела, а сердца, война, которая стремится разрушить душу народа, чтобы властвовать без бомбардировок, без напалма, без оружия: это война, которая не смеет произносить собственное имя, это слащавая, болтливая, зубоскалящая – но война. Это – культурная война» дегені түседі. Осыны көріп, біле тұра Мәжіліс депутаты Т.Квятковская шетел хабарларының телеарналарымызда 20 пайыздан аспауы тиістігі жөніндегі ұсынысқа наразылық білдіріп, сөз бостандығына қысым көрсету осыдан басталады дейді. Сонда, депутат ханым өз сайлаушыларының жаны мен сана-сезімін улаған батыстық бағыт-бағдарламаларды қолдағаны ма, әлде, белгілі бір топтың мүддесін қорғағаны ма?! Тіпті, болмағанда, ол соның салдарынан қызметтен қысқарып жатқан әріптестерін аяса етті. Со біздің көзсіз батысшылдарымыз жоғарыдағы келтірілген жолдардағы жағдайды білмейді дейсіздер ме? Білгенде қандай! Мысалы, Масанов. Оның батыс мәдениетіндегі кейбір жағымсыз күйретуші күшке ие құндылықтарды насихаттауы соның айғағы.

Жалпы, Батыс ықпалы қашанда да, қай кезеңде де ешбір елді бей-жай қалдырмаған. Тіпті, тоқсан пайызы өздері тұратын жапондықтардың да аяқ тартып, именетіні со батыстық мәдениет. Бір кезде жапон әдебиетінің классигі, Нобель сыйлығының лауреаты Ясунари Кавабатаның сонау 1969 жылы «комсомольская правда» газетінің тілшісіне берген сұхбатында «...угроза японской культуре, традициям существует. В век ядерной физики и покорения космоса все, даже люди, страшно нивелируется, стандартизуется. Колоссально влияние телевидения. В японии сильно еще безумное подражательство западу, прежде всего США, некритическое освоение западной культуры. И все же я верю, что суть души японца выстоит» дегені мен белгілі орыс жазушысы Валерий Роговтың: «Были времена, при Петре I, когда онемечивали русский язык: в конце XVIII и начале XIX веков – офранцузивали: а вот теперь – англизируют, а также американизируют родную речь. ладно, преодолеем и это!

Но будем помнить, что делается это не случайно, а с умыслом, прежде всего средствами массовой информации, особенно леворадикального направления, теми, кто без придыхания не может произнести вслух такое имя, как Аме-е-е-рика...» деуінің арасында ешқандай да айырмашылық жоқ. шынында да, оң-солымызды жайлаған екі ұлы мемлекеттің өкілі осылай деп отырғанда, біз – енді ғана қаз-қаз тұрып келе жатқан тәуелсіз мемлекетке не жорық. Біздің батысшылдарымыз американдықтардың – ұлт емес, әртүрлі нәсілдер мен ұлттардан құралған конгломерат екенін білмейтін секілді. Соны, ежелгі Рим империясынан басталып, құлаған патшалық Ресей, сонан соң ыдыраған КСРО-ға дейінгі «ғаламдық жүйедегі бір тәртіп» негізінде әлемді жаулап аламыз деген жайыңқұлық ұлтты қашан ұшпаққа шығарған. Соған қарамай, сол империялық ниеттердің қайсысы бүгінде билік жүргізіп, қайсысы бүгінде әлемді бір жүйеге түсіре алды дейсіз. Яғни, ұлт, ұлттық дәстүр мәңгілік екен. Бірақ, бір қинайтыны, олардың ұлттар алдына қоятын проблемаларының ешуақытта да бітпейтіндігі мен адамзатты мәңгілік екі топ, яки, екі лагерьге бөліп аңдыстырып қоятындығы.

Ендеше, құрметті әріптесімізге айтарымыз: «Батыс Сізді әуре етпей-ақ, өзі келіп тұр... Және ол жай келген жоқ, азды-көпті кейбір жақсылығымен қатар саяси-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық және қоғамдық-мәдени артықшылығынан кемшілігі, жасампаздығынан күйретушілігі, моральдық ахуалды түзегенінен бұзғаны мол бұқаралық-тобырлық мәдени-өркениеттік өнімдерін ала келді. Есік-терезесі жабылмайтын «Ашық қоғамы» тағы бар... Қарсы алыңыз!».

«Қазақ әдебиеті».

2 ақпан, 2001 жыл

ТАҒЫ ДА СОЛ БАТЫСШЫЛДЫҚ ТУРАЛЫ

Басын ашып алайық, әлдебіреулер айтып-жазғандай біз ешқандай Батысқа, орысқа, еврейге қарсы емеспіз, біз қарсы болсақ көзсіз, сана сарабына салмай, елітіп-еліккіш батысшылдыққа, орысшылдыққа, еврейшілдікке қарсымыз. Баяғыдан айтып-жазып та келе жатқанымыз со пікір, со іс-әрекет. Сондай-ақ, біздің ешкімнің жағасынан алып, етегінен басқымыз да, кез келген «ұлы тұлғаға орынсыз сын айтып, оны «ұлттың жауына» айналдырғымыз да жоқ, бар болғаны Лев Толстойдың: «Вера в авторитеты делает то, что ошибки авторитетов берутся за образцы» (Исповедь, Тайный дневник, 1998 г.) деп күнделігінде жазғанындай принципте ой-пікір қоздатамыз. сосын, біз Әуезхан Қодар сыртымыздан кесіп-пішкендей, «Сен гегельді, хайдеггерді оқыма, тек мені оқы» да демейміз, керісінше, образбен айтқанда, «асқазаның қорытса тас шайнап, тұз жала, сосын мұхиттың суын ішіп қой», ол сенің еркің дейміз. Тек соны ұлт мақсат-мүддесіне негіздеп бойыңа да, ойыңа да сіңіріп қорыта біл. Міне, мәселе қайда.

Со Хайдеггер «Біз сана сарабына салып, сауал індетсек: Мүмкін кез келген нағыз шығарма өзінің туған топырағында тамыр жаятын шығар? Иоган Гебел бір кезде жазғандай: «Біз сезінейік, сезінбейік, бәрібір топыраққа тамыр жайып, бой көтере келе, еркін ауа кеңістігінде гүлдеп, жеміс беретін өсімдікпіз» дейді де, төніп келе жатқан қатерді де қағыс қалдырмай «...қазір бүгінгі адамға өзінің топырағында тамыр жаюына қатер төніп тұр. Оның үстіне: тамырды жою сыртқы жағдай немесе тағдыр талқысынан емес, ол сондай-ақ, адам өмірінің шалағайлығы мен күнсыздығынан да емес.

Біз сана сарабына салып, сауал індетсек: егер ол солай болса, адам болашақта және оның нағыз шығармашылығы құнарлы туған топырағында тамыр жайып, еркін ауа кеңістігіне бой созып, аспан мен рух әлеміне ұмтыла ала ма? немесе ол жоспарлау мен калькуляцияның, қалыпқа түскен ұйымдастырушылық пен автоматизацияның қыспағында қалады ма?» дей келіп, «Давайте испытаем осмысляющее мышление» деген пікірге тоқталады. Көріп отырғандарыңыздай, Батыстың қайбір ойшылы болмасын алдымен туған топырақ, өскен ел тағдырын ойлайды екен. Сондықтан да, біздің кейбір көзсіз, сана сарабына салмай, елітіп-еліккіш батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырғандардың елеп-ескерері де солардың ұлтқа тиімді де қажетті жақтары болса керек. Яғни, бұнымен біздің айтарымыз, өзін оқыған санайтын әрбір интеллигент алдымен батыс пен батысшылдықтың ара-жігін ажыратып алуы керек. онсыз енді ғана тәуелсіздіктің дәмін татып, ерік еркіндігін енді-енді сезіне бастаған ұлтымызды жаңылыстырып, бей-жай күйге түсіруіміз бек мүмкін. Айтпақшы, сөйткен Хайдеггердің пікірін Хосе ортега-и-Гассет «Әрбір дәуір және әрбір халық, тіпті, әрбір жеке тұлға өзінің жалпыадамзаттық ұмтылысын өзінше қалыптастырады» деген оймен қостайды, құптайды, толықтырады. Ендеше, қазақтың да әлемдік мәдениет пен өркениет, «жалпыәлемдік құндылықтар» деген ұғымдағы тыныс-тіршілікке өз кескін-келбет, өз болмыс-бітім, өз салт-дәстүрімен кіруге құқы бар екен.

Жоғарыдағы мысалдарды келтіргендегі мақсатымыз – батыс мықтыларының өздері ұлтжандылықты, яки топырақтан өнген мәдениетті асқақтатып, ақыл-ой жемісі өркениеттің адамзат сана-сезімін қаншалықты қатқылдандырып, оны машинизациялау мен феминизациялауға көтере отырып, космополиттік және нигилистік моданың ғасырлап қалыптасқан дәстүрді жоққа шығаратынын жазып қалдырғанын жеткізу. Ендеше, гәптің бәрі алдымен ұлттық құндылықтардан басталып, сосын ғана «жалпыөркениеттік» құндылықтармен үндесіп, ұласуы тиіс. белгілі мамандардың айтуынша, Батыс 500 жыл бойы әлемге мейманасы асып, оның соңғы 250 жылында «демократиялық капитализм» ретінде ықпал етіп келеді екен. Міне, бізге де со ықпал қатты әсер етуде. Біздегі көзсіз сана сарабына салмай, елітіп-еліккіш батысшылдардың басты дерті, олардың мәдени-тарихи негізсіз, абстракті «жалпыпланетарлық» мәдениет пен өркениетке деген аңғал да ашық ауыз сенгіштігі. Не біле тұра, белгілі бір идея мен идеологияның жетегінде жұмыс істеуі. Сондықтан да, еліміздегі аумалы-төкпелі әлеуметтік-экономикалық жағдай, оның мәдени және өркениеттік ерекшелігі арқылы анықталады. Сондай-ақ, оның көшірме көрінісі, еліктеп-солықтағыштығы да со тұста сыр береді. Өйткені, ненің де, қандай мәселенің де сыры салыстыру арқылы ашылады.

Бүгінгі күндердегі бастан кешіп жатқан қиындықтарымыздың көпшілігі өткенімізден сабақ алмай, жетістігіне қарағанда кемшілігіне бейімделіп, сол батысқа көзсіз еліктеген батысшылдардың бұра тартқан ой-пікірлері, іс-әрекеттерінің жемісі. себебі, олар қашан да тамырын тереңге жіберген дәстүрді жоққа шығарып, барлығын да, қай мәселені де болмасын

жаңаша бастап, өткенімізге реформа жасағысы келеді. Оның жағымдысына қарағанда жағымсызы, қазіргі өздерін реформаторлар санайтын белгілі бір топтың психологиясы, іс-әрекеті, белсенділігі, жиырмасыншы ғасыр басындағы былғары куртқалы революционерлердікінен еш аумайтындығында. Екеуінің де мақсат-мұраты – өздерінің бейұлттық, одан да әрісі бейхалықтық қоғамды бойға сіңіру. Бүгінде жүріп жатқан немесе жүрген оптимизация мен либерализацияның со ғасыр басындағы коллективизациямен ұқсастығы. Сол бағыттағы жекешелендіру болса жүйесіз, әлеуметтік-тұрмыстық теңсіздікті сақтамай жүргізілді. Бұлардың қай-қайсысы да қазаққа оңай тиген жоқ. Соның салдарынан қазақтың әлеуметтік-тұрмыстық, экономикалық жағдайы құлдырап, салт-дәстүріндегі үрдіс, тұрмыс-тіршілігіндегі қалыпты ырғақ бұзылды. Содан барып ғасыр басындағыдай ғасыр аяғында да жергілікті ұлт ауылды жерлерден үлкенді-кішілі қалаларға көшіп, «жабайы» тіршілік қамын жасауға кірісті. Ұл-қызы бұзылды. Оны айтасыз, өткен ғасыр басында ұлт-азаттық қозғалысы болса, ал, оның соңын ала ол Желтоқсан көтерілісіне ұласты. Бұлардың екеуінің де негізгі қозғаушы күші қазақтар еді. Аталған зауалдардың қай-қайсысында да алдымен қазақ халқы мен оның интеллигенциялары зардап шекті. Қудалауға түсті. Тіпті атылғандары да бар.

Оны айтасыз, өткен ғасыр басында қазақтың кең байтақ жері сырттан келгендерге «ырыс» көзіне айналып, бөлшектеп-бөлуге түссе, ал, енді сол ғасыр соңында ол сауда-саттыққа түсу арқылы жаңа ғасыр басында кім көрінгеннің еншісінде кете ме деген қауіп те жоқ емес. Сөйтіп, жер ұлттық құндылықтан жалпыхалықтық құндылыққа айналмақшы. Жеріміз бен елімізге Қазан төңкерісімен бірге енген өнегесіз мәдениет пен өркениет жетістіктері бүгінде англо-американдық, яки батыстық үлгіде қайта жаңғырып отыр. Қазіргі Үкіметтегі белсенділеріміздің де кейбір әрекеттері со ХХ ғасыр басындағы Үкімет басындағылардың шолақ белсенділіктеріндей әсер береді. Яғни, нақтылай айтқанда, олардың ұлт мүддесінен тыс іс-әрекеттердің етек алуына кең жол беріп, сол бір келеңсіз жайларға азамат, тіпті қызметкер ретінде де немқұрайдылықпен қараулары. ХХ ғасыр басындағы жаппай орыстануға бетбұрыс қазір өткен ғасыр аяғы мен жаңа ғасыр басында жаппай ағылшындануға ұмтылуға ұласты. Мұны біз алдымен тілден бастап, соңы күнделікті тұрмыс-салтымызға айналдырып барамыз. Оны айтасыздар, бұрынғы Кеңестер Одағы тарағаннан кейін ТМД елдерінің барлығында бірқалыптағы қаржылық жүйе бұзылды. Сол қаржыға экономика да, мәдениет те, айта берді, саясаттың өзі де кіріптар болатын. Яғни, ХІХ – ХХ ғасыр аяғы мен басындағы жағдай ХХ – ХХІ ғасыр аяғы мен басында толық қайталанды.

Сөйтіп, біз тарихтан сабақ алмадық. Бұрынғы тарихи қателігіміз басқа түр-түсте, әдіс-тәсілде тура солайша өрістеді. Оның үстіне оларға жақсылығымен қатар батыстың құйтырқы саясаты мен ұзақ мерзімге кіріптар етіп қоятын қаржы-қаражаттық іс-әрекеттегі шаралары қосылды. Біреу біліп, біреу білмес, 1912 жылы АҚШ Президенті У.Тафттың саяси-әлеуметтік айналымға түсірген «Доллар дипломатиясы» («дипломатия доллара») атты термин-ұғымы бүкіл ТМД елдерінде іске асты. Олардың әлі жетіліп, еңсе көтеріп кетпеген «үшінші әлем» аталған елдерге қаржылық және экономикалық көмек көрсетуімен, оларды реттеудегі ниет-құлықтары да аяқсыз қалмаған еді. Бұл АҚШ-тың экспансионистік бір ғана саяси-қаржылық құйтырқылығы. Ал, енді біз білмейтін су асты ағыстарындай іс-әрекеттері қаншама.

Міне, осының бәрін түсіне білу үшін, бізге көзсіз сана сарабына салмай, елітіп-еліккіш батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауруға еш болмайды. Не болмасын, қандай жағдайда қалмайық, біздің жағдайымызда нендей де бір іс-әрекетті «жеті өлшеп, бір кескен» жөн. Міне, осы тұста есіңе еріксіз Мұстафа Шоқайдың, «Халқымыз жәй әшейінгі адамдардың жиынтығы емес, өзіне тән мәдениеті бар (өркениеті де – А.Ә.) қауым екенін, сондай-ақ, қазіргі жүріп жатқан саяси талас-тартыстар тек «Күн астынан бір жағрафиялық орын» алу үшін ғана емес, өз мәдениетін күллі әлемге, соның ішінде Еуропаға да таныту екенін білуге тиіспіз. Біздің ең басты саяси міндетіміздің бірі міне осындай» дегені түседі. Ал, біз болсақ, сөз бостандығы мен демократияны жекешелендіріп алғандай іс-әрекеттегі әлдебіреулердің туғызған жалған қоғамдық пікірлерімен санасып, оны ой еркіндігі ретінде қабылдаймыз. Сол Мұстафа Шоқай бұл туралы «Ой еркіндігін құрметтеу бұлжымас заңға айналған Батыстың ең демократиялы деген елдердің өзінде, егер сол ойда қылмыс жасаудың бір белгісі сезілсе, біреудің мүддесіне қауіп төндіру немесе нұқсан келтіру сыңайы байқалса, онда жаңағы «еркін ойға» заң жүзінде тыйым салынады» дейді. Біздің тарихтан сабақ алмай, көзсіз батысшылдыққа баруымыздың



бір сыры да сол өзіміздің ұлттық құқымызды қорғай алмай, жалтаң күйде жүретіндігімізде. Ол үшін алдымен әлеуметтік-тұрмыстық тұтастық керек. Әсіресе, бұл мемлекет пен қоғамнан сыбағамды не несібемді артық алып қалып, дүниемді түгелдеп үлгеруге тиіспін деген «құлқын құлдарына» айналғандарға ауадай қажет. Өйткені, олар түптің-түбінде әлеуметтік-тұрмыстық тұтастықты құрайтын ортаға қайта оралатындықтарын ұмытпаса игі. Сосын, бізге мықты мемлекеттілік қажет. Мемлекеттің негізі қашан да со мемлекетті құраушы ұлт болған, бола береді де. Бірақ, оның қарсыластары да көп болады. Себебі, ондағы патриоттар алдымен қандай болмасын материалдық та, моральдық та, рухани да ұлттық құндылыққа иек артып, сосын барып оларды «жалпыхалықтық құндылықтармен» өз кескін-келбет, болмыс-бітімінде ұштастырғысы келеді. Жалпы, адамның ұлттық сана-сезімінің қалыптасып, ой-өрісінің кеңеюі, өзінің ділі мен діні, оны айғақтайтын тілі тұрғысынан өз ұлтының бір бөлшегі екенін сезінгеннен кейін барып туатын қасиет. Міне, осындай асыл қасиеттерді бойға да, ойға да сіңіргеннен кейін барып Ұлттық идея пайда болады. Бұл жерде аталған жайды патриотизммен жаңылыстырып алуға болмайды. Дей тұрғанмен де, ұлтшылдық пен патриотизмнің арасы алшақ емес. Бұрын да айтып-жазғанымыздай, екеуі де Отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктен туатын қасиеттер. Бірақ, ұлтшылдық – психо-антропологиялық ұғым болса, ал, патриотизм – тарихи-географиялық түсінік. Ал, рухани бейұлттық іс-әрекет жасаушылар ол мейлі космополит, нигилист, жалаң интернационалист болсын, бәрібір олар үшін ұлт түрі, түсі, тілі мен ділі жоқ бос ұғым. Карамзиннің тілімен айтқанда, космополит пен нигилист «существо метафизическое». Ол – схоластика. Сондықтан, оларға еш сенуге болмайды. Көзсіз, сана-сарабына салынбай, елітіп-еліккіш батысшылдық та солардың бір түрі, не көрінісі. Бұл құбылыстарды зерттеп-зерделейтін не социологиялық талдау жасайтын құрылымдар болса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұлардан соңғы тағы бір керегі, дәстүрлі топырақта өнген қазіргі замана талап-тілегіне сай мәдениет пен өркениеттің тұтастығы. Көзсіз батысшылдыққа беріліп дәстүрімізді күйретсек, онда біздің ғана емес, сол мемлекеттің болашақ иелерінің де тағдыр-таланы «мылтықсыз майдан» өтінде өледі. Оны болдырмас үшін бізге тиімдісі – жан-жағымызбен тығыз байланыстағы, ұлт мақсат-мүддесіндегі ұлттық экономика мен ұлттық қауіпсіздік, ұлттық идея мен ұлттық идеология. Мұның бәрі көзсіз батысшылдықпен шешілмейді. Ол үшін Әуезхан Қодар жазғанындай дәйексіз, көңілден де, ойдан да шықпайтын «Бізге ескі құдайымызды (Тәңірді айтып отыр. – А.Ә.) жаңаша пайымдауға болады (?). Сол кезде ол қайта тіріледі. Бізге Тәңірі дін ретінде емес, ұлттық идея ретінде (?) керек. Тәңірінің толық ұғымын қалыптастыру үшін біз оған Дао, Конфуций, Зүрдүш, Будда ілімдерінің, ислам, христиан діндерінің, қазіргі той-думан, медитация, спорт ойындары теориясының элементтерін кіргізуге тиіспіз. Сонда ғана Тәңірі ұғымы ұлттық идеяға айналып, біздің өз-өзімізді және әлемдегі орнымызды тануға септік етеді» деген «винегрет» пікір-тұжырымның да керегі бола қоймас, сірә. Сосын «Осындай біріктіруші, метафизикалық, рухани идея болмаса біздің кемел саналы, діни өңделуден өткен (?) ұлт болуымыз қиын. Тәңірінің кемел ғұмырын қалыптастырсақ, біз өзімізді мұсылман, үнді, Қытай, Батыс өркениеттерінен ажыратамыз» деп кесіп-түйген түйіннің сұрақ қойылған тұстарына назар аударыңыздаршы. Таратып, түсінікті тілмен айтқанда, ұлттың «діни өңдеуден өтіп, мұсылман өркениеттерінен ажыраған» кескін-келбеті мен болмыс-бітімін көз алдыңызға келтіріңіздерші. Міне, осындай да ұшқары ұшпа пікірлер айтылып, дініміз бен ділімізге сына қағылып жатқан кезең-кездегі батысшылдық қай мемлекетті ұшпаққа шығарып, қай елді ілгері кеткен өркениеттер мен мәдениеттермен байланыстыра алады дейсіз. Бұ да оларша «көзқарас» пен «ой еркіндігі»... Сондықтан, жоғары оқу орындарымыз бен мектептеріміз оқытып, білім беріп қана қоймай, со берген дәрістері мен білімдерін өзінше қорытып, ой елегіне, яки өзінше ойлана алатын ұрпақ тәрбиелеулері керек. сонда ғана біз көзсіз, сана сарабына салмай, елітіп-еліккіш батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауыратындардан арыламыз.

Айтпақшы, со батысшылдар арасында «бүкіләлемдік қалыпты модель» атты термин-ұғым қалыптасқан. Олар оның ұлттық дәстүрді қаншалықты күшпен күйрететінін білмейді, білгісі де келмейді. Ал, олардың ішіндегі ең қауіптілері аталған жайларды біле тұрып, «Қазақ әдебиеті» газетіндегі Ғалымжан Мұқановтың жазғанындай, «...белгілі мәдениеттанушылардың біразын «феодализация, архаизация сознания, децивилизационные процессы» деген ащы сөздерді ашына қолдануға мәжбүр етіп отыр» деген ой-пікірді таратушылар. Олар өздерінің өтіріктеріне өздері сеніп, оны өзгелерге де нандыруға тырысады.

Әйтпесе, сана-сезімнің көнеріп, қоғамның кері кете, өркениеттік процестің тежелетіндігіне кім сенеді. Қарапайым логика қайда? Тіпті, батысшыл космополиттер мен нигилистердің «бүкіләлемдік қалыптағы» адам түрі мен ұғымының да келе-келе қалыптасатындығына меңзейтінін қайтерсіздер. Ол – XVIII ғасырдан бастап, бүгінгі XXI ғасырға дейін батыстан еріп келе жатқан жұқпалы дерт. Оны батыс, орыс патриоттары «академические» и «профессорские» түсінік-ұғым деп қабылдап, тобырлық-бұқаралық мәдениет-өркениет өнімдерін өндіретін, әрі оны қалыптастырып, орнықтыратын күш санаған. Көзсіз, сана сарабына салмай, батысшылдықтың «балалық ауруымен» ауырғандар бір уақыт алысқа бармай-ақ іргеміздегі орыстың данилевский, Тютчев, Ив. Аксаков, Достоевский, Леонтьев, Кн. Н.Трубецкой, Ив.Солоневич секілді ойшыл интеллигенттерінің жазып қалдырғандарын оқып білсе-ақ соған көз жеткізер еді. болмаса өзіміздің М.Шоқайдан бастап, кешегі Әуезов, Марғұлан секілді зиялыларымыздың еңбектерін оқыса да жетеді.

Жалпы, әлем, оның ішінде ұлт ешқандай біркелкілік, яки бірыңғайлылық пен бірқалыпқа, жаппай біржүйелілік пен стандартизацияға көнбейді. Сондықтан, қазіргі қазаққа керегі мәселені өзінше ойлай алатын, сондай-ақ, мәселені өзінше шеше алатын мемлекеттік дәрежедегі интеллигенция мен қоғамдық пікірді қалыптастыратын көкірек көзі ашық зиялы қауым тұтастығы. Сөйтіп, заман мен уақыт лебін сезініп, тарихтың жетістігі мен кемшілігінен қорытынды жасай алатын ұлт интеллектуалдарын қалыптастырып, яки жетілген интеллектуализмге қол жеткізбесек болмайды. Бұл тұста біз «бейқазақ ниет-нысандағы» ешқандай іс-әрекетке жол бермеуіміз керек. Қазақстанның кескін-келбеті алдымен Иманға негізделген мұсылмандық, сосын ғана барып мемлекеттік тұтастыққа ұйытқы болатын басты-басты үш дінмен айқындалуы тиіс. Осы төрт ұстын төңірегінде кіндік ұлт қазақ болып, өзге ұлттар мен ұлыстар бірігіп тұтастықта өмір сүруі қажет. Қалған ұсақ-түйек секталар мен ұйымдарға, топтарға тыйым салу не бақылауда ұстаған жөн. Ендеше, ұлт интеллигенттері ұлт бірлігіне ұйытқы болатын өз тұтастықтарын ұлттық Мемлекет пен Иманға жүзін бұрған Мешіттен іздегендері жөн. Бұл тұста «нарықтық демократия» жетегінде кету қылмыспен парапар.

Әңгімеден әңгіме өрбиді, менің ақын досым Ақсұңқарұлы өзінің көпшілікке танымал өлеңінің бірінде «Үшінші дүниежүзілік соғыс бола ма, болса оған жылқылар қатысуы мүмкін бе» дегенге саятын сауал қояды. Оның жүріп жатқаны қа...ша...ан. Ол соғыс атом, не басқа бомбалардан да қатерлі қарумен жүріп жатыр. Онда өзінің идеологиялық және идеялық нейтрон бомбасы, өзінің химиялық және бактериялық қаруы бар. Олар жете үңілмесең көзге көрініп, қолға ұстауға келмейтін, тіпті, дәмін де сезбейтін микроб-идеологиялар мен идеялар соғысы...

Сөз басында айтқанымыздай, біз ешқандай оқып-ізденуге қарсы емеспіз. Бірақ, қандай да бір ойшылдың кітабын оқығанда оның астарына зер сала қарауымыз керек. Бұны айтып отырған себебіміз, со сөз басында әңгімемізге арқау болған Хосе Ортега-и-Гассет бірде «...можно лишь удивляться тому упорству, с которым не перестают подпирать национальность языком и кровью. Я нахожу это столь же неблагоприятным, как и нелепым» дей келе, «К подобному же передергиванию прибегают, когда пытаются утвердить идею нации на территориальной основе, видя начало единства, несоизмеримого с языком и кровью...» дейді. Сонда осы ой-пікірге неге қосылуымыз керек. Қосылып, ұлтты жоққа шығаруымыз қажет пе? Біз үшін тіл мен қан (тек), территория басты да қасиетті ұғым. жалпы, ол секілді батыстық базбір ойшылдардың ұлт туралы теориялары өте қызық, құбылмалы болып келеді. Оны ғылыми-әдеби процесте «двойной стандарт» дейді. Олардың кітаптарын оқығанда өте мұқият болған жөн. Әсіресе, қалыптаспаған жас ұлттық сана-сезімге бұл өте кері ықпал ететін күш. Әйтпесе, со Ортега -и- Гассет отбасы туралы «Семейный очаг – это тепло искусственное» демес еді ғой. Қазақ менталитетінде оны «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», не «Отан отбасынан басталады» демеуші ме еді. Ендеше, қазақ үшін отбасы ұғымы табиғи құбылыс екен. Сонда деймін-ау, жоғарыдағы ой-пікір, тұжырымдардан кейін біз қалай «авторитеттердің» бәрінің айтқаны жөн деп айта аламыз. Міне, дәп осындай тұстан ешкімнің жағасынан алмайтын пікір жарысы, ой тайталасы басталады. Ал, бұдан әлдеқандай бір «қылмыс пен күнә» іздеу қиянат. Сол ортега -и-Гассет енді бір сөзінде: «Крайне редко государство совпадало, если вообще совпадало, с изначальной общностью крови и языка» дейді. Ендеше, біз қазақтар сол «Крайне

редко» кездесетін ұлт, сосын мемлекет санатында болуға тиіспіз. Сол үшін ғана өзімізді-өзіміз сақтап, алғы ғасырларға ұлттық дәстүрімізбен кірмесек, кінә мен күнәнің көкесі сонда болады.  
«Қазақ әдебиеті».

16 наурыз, 2001 жыл